

КІРІСПЕ	2
ҚЫЗЫЛ ЖОБАСЫН ШОЛУ	2
ЭӘӘБ	3
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮЙЕМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ҚАЗАҚСТАНДА ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ	3
ҚОСЫМША ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП	4
ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШУҒА ЕҚДБ ТАЛАПТАРЫ	4
ОСЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЕМЕС ТҮЙІНДЕМЕДЕГІ ҚОСЫМША ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕГІ ЭӘӘБ ҰСЫНҒАНДАЙ ЕСЕП	5
ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ	6
КЕНІШТІҢ БАС ЖОСПАРЫ	7
Жер телімін дайындау және құрылыс	7
Тау жұмыстары	8
Ашық тау-кен жұмыстары	8
Жер астындағы тау-кен жұмыстары	10
Байыту фабрикасы	10
Қалдық қоймасы	11
Қызметкерлер және жұмыс тәртібі	12
Жоятын және жойылғаннан кейінгі мониторинг	12
КӘСІПОРЫННЫҢ ӘСЕРЛЕРІ МЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ШАРАЛАР.....	13
Парниктік газдарды шығару және климатты өзгерту	13
Ауа сапасы	16
Ауаның қолданыстағы күйі	16
КУМУЛЯТИВТІК ӘСЕР	39
ЖОБАНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	41
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ	43
ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУЫ	47

Шартты белгілері

Облыстың
Мемлекеттік шекаралар
Негізгі жолдар
Негізгі өзендер
Негізгі темір жолдары

«Полиметалл Интернэшнл» компаниясы (бұдан әрі мәтін бойынша Полиметалл) 2014 жылы Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысындағы Әуезов кентінің жанында орналасқан алтынның кен орнын сатып алды. Полиметалл жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін жасады және тау-кен және байыту өндірісінің экологиялық және әлеуметтік әсеріне бағалау жұмыстарын жүргізді. Осы құжат экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау бойынша есепке техникалық емес сипаттағы түйіндеме болып табылады. Жоспарланған жоба Қызыл (Бақыршық) деп аталады, құжаттың мәтінінде ол сондай-ақ “Жоба” деп аталады.

Жобаның орналасқан орны

Аудан

Жарма ауданы,

Шығыс Қазақстан

Шекаралар | Қашықтық

Қазақстан-Ресей | 120 км

Қазақстан-Қытай | 330 км

Ең жақын қалалар | Қашықтық

Астана | батысқа қарай 750 км

Өскемен | шығысқа қарай 75 км

Семей | солтүстік-батысқа қарай
160 км

Ең жақын елді мекендер

Әуезов

Шалабай

ҚЫЗЫЛ ЖОБАСЫН ШОЛУ

Қызылдағы (Бақыршықтағы) тау-кен өндірісі 1956 жылы басталды және барлық қолжетімді, құрамында алтыны бар кен өндірілгенге және тек байытылғыштығы қиыны қалғанға дейін жалғастырылды. Өндіру үзіліспен бүгінгі күнге дейін жалғастырылды, өндірудің түрлі технологиялары мен қалған байытылғыштығы қиын кендерден алтынды өндіру қолданылды. Кеніш және байытатын фабрика бүгінгі таңда тоқтатылды, бұл дегеніміз, телімде өндірістік нысандарға техникалық қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың шектеулі саны ғана жұмыс істейді дегенді білдіреді және кеніште толық өндірумен қазіргі таңда ешкім айналыспайды.

Пайдаланылған уақыттан бастап Жобаны дамыту екі кезеңге жоспарланған, өндіру 23 жыл бойы жалғастырылады.

Бірінші кезеңде (2016 ж.бастап 2026 ж.дейін) бос жыныстардың үйінділерінің төгілуімен, кенді қайта өңдеумен және қалдық қойманы ұйымдастырумен ілесетін ашық тау-кен жұмыстары жалғастырылады.

Екінші кезеңде (2026 ж.бастап 2039 ж.дейін) кен шығарылатын орынның төменінде жатқан кеннің қорын шығару үшін жер асты жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Осы мақсатта қолданыстағы кен инфрақұрылымы жаңғыртылатын болады.

Жобаның Бас жоспарлары есептің екінші тарауында көрсетілген.

Өндіру аяқталғаннан кейін кен орны жабылады, ал жыртылған жерлердің топырақ құнарлылығы қалпына келтіріледі. Жобадан кейінгі мониторинг кезеңі аяқталғаннан кейін қалпына келтірілген жерлердің көбісі жергілікті халыққа немесе биілік органдарына қайтарылады. Оларды бұрынғы қалпынша пайдалануға келмейтін жерлердің телімі (мысалы, тік еңісті кен орны) қауіпсіз жағдайға келтіріледі және басқаша пайдалануға беріледі. Кенішті жабу жөніндегі жоспарлар Жобаның дамуына қарай жаңғыртылатын болады, жабудың түпкілікті жоспары өндіруді аяқтағанға дейін екі жыл қалғанда шығарылатын болады.

Жобаның бірінші және екінші кезеңінде сәйкесінше шамамен 608 және 1084 адам қатыстырылады. Жұмысшылардың көптеген бөлігі Әуезов және Шалабай жергілікті елді мекендерінен жалданатын болады.

2015 жылдың қыркүйегінде Wardell Armstrong мамандарымен дайындалған ЭӘӘБ бойынша есеп келесіні құрайды:

- Нормативтік құжаттарды, заңдарды және талаптарды шолу, Жоба соларға сәйкес әзірленуі және іске асырылуы тиіс. Қазақстандық талаптардан басқа шолуға халықаралық стандарттар қосылады, оларды Полиметалл ұстанады, ішінара бұл Халықаралық Қаржы Корпорациясының «қызметтік стандарттары» (ХҚК ҚС);
- Жоспарланған тау-кен және байыту өндірісінің толық сипаттамасы;
- Өндіру мен қайта өңдеудің баламалы әдістерін бағалау, олар жобалау кезінде қарастырылды, сонымен қатар қоршаған ортаның өзгеруіне сезімтал нысандарды және мүдделі тұлғалардың ескертпелерін ескере отырып, Жобаның инфрақұрылымының негізгі нысандарының орналасқан орнын таңдауды сипаттау;
- Жобаның аумағында қоршаған және әлеуметтік ортаның фондық күйін сипаттау, оның физикалық, биологиялық, әлеуметтік және мәдени элементтерін қоса отырып;
- Мүдделі тұлғалардың пікірлерін ескере отырып, әсерге түсетін жергілікті халықты, биліктің жергілікті органдарын, кәсіпкерлік қызметтің субъектілерін және басқа да мүдделі ұйымдарды қоса отырып, фондық шарттарға Жобаның әлеуетті әсерін болжайтын әсерді бағалау;
- Кенішті жобалау, салу, пайдалану және жабудың кезеңінде қолданыла алатын жағымсыз әсерлерді жою, төмендету (немесе жағымды әсерлерді ұлғайту) және оларды басқару үшін қажетті әсерлерді жеңілдету жөніндегі шаралар;
- Жобаның түрлі инфрақұрылымдық, экологиялық және әлеуметтік элементтері үшін әсерді жеңілдету бойынша шараларды құрайтын «басқару жоспарларының» топтамасы;
- Әсерді жеңілдету жөніндегі шараларды іске асыруды және Жобаны іске асыру мерзімі бойында олардың тиімділігіне мониторинг жүргізуді сипаттайтын Жобаға арналған экологиялық және әлеуметтік іс-шаралардың жоспары.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮЙЕМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ҚАЗАҚСТАНДА ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Экологиялық және әлеуметтік әсерді халықаралық бағалаумен бірге Жоба үшін өндіруді жүргізуге рұқсат алынды, оларға жергілікті Қазақстандық стандарттар бойынша қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу талап етіледі. ҚР тау-кен саласының қызметі «Жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойғаннан кейін 29.12.2014 жылы енгізілген өзгертулермен, «Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы» заңының аясында негізінен Инвестициялар және даму министрлігі бақылайды (№ 271-V). Сонымен қатар, жер қойнауын пайдаланудың жеке мәселелерін реттейтін ҚР Үкіметінің кейбір қаулылары бар.

ҚР Экологиялық Кодексінің талаптарына сәйкес, әсерін тигізе алатын қызметтің түрлері үшін жоба алды және жобалық жұмыстардың кезеңдерінде жергілікті стандарттар бойынша қоршаған ортаға әсерін бағалау (“ҚОӘБ”) орындалуы тиіс. Жеке алғанда, ҚОӘБ орындау жаңа инфрақұрылым салуға немесе қолдағы барын қайта құрастыруға, сонымен қатар пайда қазбаларды барлаған кезде және өндіру кезінде талап етіледі. ҚОӘБ Қызыл жобасының барлық элементтері үшін талап етілді. Мысалы, қалдық қоймасы үшін және байытатын фабрика үшін жеке ҚОӘБ талап етіледі. Әр ҚОӘБ қоршаған ортаға әр нысанының

әсерін жеке қарастырады. ҚОӘБ бекіту Қазақстанда геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге және кен орындарын алуға рұқсат пен лицензияны алудың ажыратылмас бөлігі болып табылады.

ҚОӘБ жүргізудің ережелерінің құрамында қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізуге және бекітуге жалпы талаптарды құрайды, ол мүдделі тараптардың қатысуымен қоғамдық тыңдалымдарды өндіруді және мемлекеттік органдарда есеп беру сараптамасын бастағанға дейін жүргізуді қосады. Қоғамдық тыңдалымдарда талқылаудың хаттамасы жүргізіледі.

Әр ҚОӘБ мақсаты рұқсатты алу саласында ҚР мемлекеттік талаптарды орындауға және Жоба үшін жоспарланған жұмыстарды жүргізуге мемлекеттік органдардың рұқсатын тікелей алу болып табылады. ҚОӘБ орындалу рәсімі Қазақстандағы заңнамалық талап болып табылады. Халықаралық стандарттар бойынша экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау халықаралық қаржы институттарына және жобаны қаржыландыруды алу үшін экватордың қағидаттарын ұстанатын қаржы институттарына өтініш білдіруді қолдау үшін орындалады. Халықаралық стандарттар бойынша ЭӘӘБ Қазақстандағы заңнамалық талаптар болып табылмайды. Ол инвестицияларды ұсыну туралы салмақты шешімді қабылдаудың мүмкіндігін алу үшін жобаның экологиялық және әлеуметтік әсері туралы толық ақпаратты несие берушілерге береді. ЭӘӘБ халықаралық банктермен белгіленген белгілерге сәйкес қамтамасыз ету аясында ҚОӘБ талаптарын толықтырады.

Көптеген халықаралық банктер ұстанатын және соған сәйкес ЭӘӘБ орындалған стандарт, бұл Халықаралық Қаржы Корпорациясының “қызмет стандарттары” болып табылады. “Қызмет стандарттары” жоба бойынша жоспарланған өндірістік қызметтің барлық түрлерінің біріктірілген әсер етуіне бағалау жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Бұл жобаның әлеуметтік-экономикалық кеңінен зерттелуін қарастырады. ЭӘӘБ үшін жиналған қоршаған ортаның фондық күйі бойынша көптеген мәліметтер ЭӘӘБ үшін пайдаланылуы мүмкін, бірақ қызметтің стандарттары жиі жоғары қызметті және ҚОӘБ үшін талап етілгеннен қарағанда, таусылмалы мәліметтерді талап етеді.

ҚОСЫМША ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

Қызыл жобасында одан әрі тау-кен жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету үшін ПМ Еуропа қайта құру және даму банкіне («ЕҚДБ») қаржыландыру үшін өтініш білдірді. ЕҚДБ және ПМ өкілдерімен жобаны талқылағаннан кейін, жоба бойынша ақпаратты ашудың үдерісі басталғанға және ЭӘӘБ бойынша есепке қосымша қаржыландыру мәселелерін қарастырғанға дейін Жобаның нақты экологиялық және әлеуметтік аспектілері бойынша қосымша мәліметтері бар есеп құрылды. Осы құжат қосымша экологиялық және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі есеп деп аталады және Жобаларды іске асыруға ЕҚДБ талаптары ретінде танымал, ЕҚДБ әлеуметтік және экологиялық стандарттарына сәйкес келетін Жобаның барлық аспектілерін келтіруге бағытталған.

ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШУҒА ЕҚДБ ТАЛАПТАРЫ

ЕҚДБ жобаны іске асыруға он шақты талаптар компанияларға «тұрақты даму» саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелерді іске асыруға көмектесу үшін әзірленген. Олар тұрақты базаны ұсынады, соның негізінде Қызыл жобасымен ПМ сияқты компаниялар өз шаруашылық қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік «тұрақтылығын» арттыра алады. Кең ұғымда олар қызметкерлерге, жергілікті халыққа және қоршаған ортаға жобаларды іске асыруға байланысты жағымсыз әсердің мүмкіндігін барынша болдырмайды. Егер жағымсыз әсерді болдырмау мүмкін болмаса, оны төмендету, жеңілдету немесе қалпына келтіру керек. Жобаларды іске асыруға ЕҚДБ талаптары төменде ұсынылған:

- ТҰ 1: Экологиялық және әлеуметтік әсерлерді бағалау және оларды басқару
- ТҰ 2: Еңбек қатынастары және еңбек жағдайлары
- ТҰ 3: Ресурстардың тиімділігі, қоршаған орта ластануына жол бермеу және қадағалау
- ТҰ 4: Денсаулықты сақтау және қауіпсіздік
- ТҰ 5: Жерлерді сатып алу, мәжбүрлі түрде қоныс аудару және экологиялық тұрғыдан орын ауыстыру
- ТҰ 6: Биологиялық әртүрлілікті сақтау және тірі табиғи ресурстарды тұрақты басқару
- ТҰ 7: Байырғы халықтар
- ТҰ 8: Мәдени мұра
- ТҰ 9: Қаржы делдалдары және мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттестік
- ТҰ 10: Ақпаратты жариялау және мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттестік

ЕҚДБ жобаның элементтері бойынша ақпаратты ашудың жеке рәсімі бар. Ашылуы Әуезов және Шалабай кенттерінде, сонымен қатар Өскемен қаласында қоғамдық тыңдалымдардың топтамасын жүргізу арқылы жүзеге асырылады («ақпараттық сессиялар»). Тыңдалым үдерісінде қоғам бағалау әдістерімен, әсер етуді жеңілдету жөніндегі шаралармен және экологиялық және әлеуметтік басқару жүйесімен танысатын болады. Таныстыру рәсімінен басқа қоғамның мүшелеріне жоба бойынша сұрақтарды ПМ қоюдың мүмкіндігі ұсынылады. Қоғамдық тыңдалымдар орыс және қазақ тілдерінде жүргізілетін болады, сонымен қатар орыс және қазақ тілдерінде барлық ілеспе материалдар да ұсынылатын болады. Сонымен қатар, ЕҚДБ қосымша экологиялық және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі есептерді қоса отырып, ЭӘБ жөніндегі жарияланатын барлық есептің пакетінің, Жобаның қаржыландырылуы мақұлданған уақытқа дейін 60 күннен кем болмайтын мерзімде ПМ, ЕҚДБ және жергілікті әкімдіктердің веб-сайттарында орналастырылуын талап етеді.

ОСЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЕМЕС ТҮЙІНДЕМЕДЕГІ ҚОСЫМША ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕГІ ЭӘБ ҰСЫНҒАНДАЙ ЕСЕП

Осы құжаттың міндеті – барлық мүдделі тұлғаларға өндірістік қызметтің Жоба бойынша жоспарланған және әлеуетті экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мен әсерлерді бақылаудың қалай жүзеге асырылатындығы туралы ақпаратын жеткізу.

Екінші тарауда Жобаның қысқаша сипаттамасы бар. Үшінші тарауда фондық зерттеулер мен әсер етуді бағалаудың орындалу үдерісі бойынша жинақты ақпарат ұсынылған. Тарауда келесі сұрақтардың жауаптары бар:

- Қоршаған немесе әлеуметтік ортаның ағымдағы күйі қандай?
- Қоршаған ортаға және жергілікті халыққа Өндірістік қызметтің жобасы бойынша жоспарланған әлеуетті әсері қандай?
- Әлеуетті басқаруды басқару немесе бақылау үшін не істелінеді?
- Әсер етуді бақылау бойынша шараларды қабылдағаннан кейін қандай тәуекелдер және әсерлер қалады?

Төртінші тарауда басқа әлеуетті жергілікті жобаларды және фондық үрдістерді ескере отырып Жобаның кумулятивтік әсері бойынша түйіндеме жасалған. Жобалаудың кезеңінде қарастырылған әлеуетті баламалар бесінші тарауда ұсынылған. Алтыншы тарауда экологиялық және әлеуметтік іс-шаралардың жоспарын іске асырудың тәсілі сипатталған. Сәйкесінше жетінші және сегізінші тарауда мүдделі тұлғалармен өзара қатынасы және нәтижелері ЭӘБ орындау үшін пайдаланылған және Полиметаллдың

Қызыл Жобасын басқарудың тұрақты элементі болып табылатын қоғамдық тыңдалымдар қарастырылған.

ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

ЖОБА ТУРАЛЫ жалпы АҚПАРАТ

Бақыршық кен орнының тарихи өңделуі бірнеше ашық кеніштердің құрылуына әкелді, байыту фабрикасы құрылды, бос жыныстардың және жарамсыз материалдың үйінділері, қалдық қойма құрылды. Бақыршық кен орнында жер астынан алу жұмыстары жүргізілді, сондықтан онда жер асты өңдеулерінің оқпаны мен инфрақұрылымы бар.

Бұрындары кен орындарында дәстүрлі тәсілдердің көмегімен қайта өңдеуге болатын кен ғана алынды. Қалған кен қиын байытылатын болып табылады, оның құрамында көмір элементтері мен сульфидтердің көлемі көп, сондықтан алтынды дәстүрлі тәсілмен алу әдісін қолдануға мүмкіндік бермейді. Кешегі күнге дейін осы кеннен алтынды алудың тәсілдері тау-кен жұмыстарын жүргізуді ақтайтын алтынның көп көлемін алуға мүмкіндік бермеді.

Полиметаллмен ашық және жер асты кеніштерінің жұмыс істелуінің жаңа жобасы әзірленді, кеніштен алтынды экономикалық тиімді алу үшін жақсартылған технологиялық сұлба пайдаланылады.

ЖОБАНЫҢ КЕСТЕСІ

Қызыл жобасы кен орнының ашық және жер асты өңделуін білдіретін екі кезеңнен құралған. Кезеңдердің әрқайсысы тау-кен жұмыстары басталғанға дейін телімнің тиісті дайындығын және инфрақұрылымның құрылысын талап етеді.

Барлық экономикалық алынатын қорлар өндірілгеннен кейін кеніш жабылады және топырақ қайта құнарландырылады.

КЕНІШТІҢ БАС ЖОСПАРЫ

Төмендегі суреттерде Әуезов және солнечный кенттеріне қатысты болашақ кеніштің бас жоспары ұсынылған. Жобалау инфрақұрылымы үш еселі спутниктік кескіннің үстінен салынған, көрінісі шығысқа қарай жобалау аумағының батыс жағынан. Қызыл жобасының қысқартылған картасы осы тарауда сипатталатын инфрақұрылымның негізгі нысандарының орналасқан орнын көрсетеді.

Жер телімін дайындау

Кеніш пен фабрианың көбісі тау-кен ашық жұмыстары монтаждалады, себебі кен құрылыстардың тұрақтылығы қауіпсіздігіне әсерін тигізеді. “Полиметалл”

компаниясы Әуезов кентін жылумен жабдықтау үшін жаңа қатар, тау-кен жұмыстарынан алыс мұнарасын салады. Осы жаңа құрылыстар және кен шығаратын орынға тым жақын орналасқан су арыны мұнараларын бұзғанға дейін пайдаланылатын

Осы іс-шаралардың кейбірі құрылыстың 1 кезеңінде

- Жаңа ғимараттар мен байыту фабрикаларын салу;
- Кен шығаратын орынның аумағынан бос жынысты алтын жоқ материалды) және үйіндіге бос жынысты

Жобаны іске асыру кестесі

Жобаның кезеңі	Жылы және ұзақтығы	Негізгі жұмыстар
1-кезең Құрылыс	Жылдар 0-4 (4 жыл)	Инфрақұрылымның ескі ғимараттары мен нысандарын бұзу және жаңа жобалау инфрақұрылымы мен байыту фабрикасын салу
1-кезең Өндіріс	Жылдар 1-10 (10 жыл)	Ашық түрде өндіру
2-кезең Құрылыс	Жылдар 10-13 (3 жыл)	Жер астынан өндіруге арналған қосалқы жұмыстар: желдеткіш оқпандарын жөндеу және қалпына келтіру, бетонды-құю кешенін салу, шахта суларын тазарту станцияларын қалпына келтіру
2-кезең Өндіріс	Жылдар 11-23 (13 жыл)	Жерасты өндірісі
Іске қосу, жабу және құнарлылықты қалпына келтіру қорытындысы	Жылдар 24-25 (2 жыл)	Инфрақұрылымды қайта монтаждау, құнарлылығын қалпына келтіру және бұзылған жерлердің өсімдік қабатын қалпына келтіру
Жобадан кейінгі мониторинг	Жылдар 26-30 (5 жыл)	Құнарлылығын қалпына келтіруден кейінгі мониторинг

ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС

қолданыстағы ғимараттарының басталғанға дейін қайта шығаратын орынның кеңеюі осы мен

қазандықты, сонымен жерлерде су арыны пайдалануға енгізіледі қолданыстағы қазандық пен болады.

келесілерді қосады:

алып тастау (құрамында орналастыру;

- Жер телімін дайындау және қалдықтарды сақтаудың негізі мен көмірлі концентраттың сақталуын гидро оқшаулау;
- Кеніштерге қолжетімділікті орнату үшін Әуезов кентінде жолдарды салу (Бақыршық-Бұрсақ айналма жолдары).

Құрылыстың 2 кезеңі кезінде жер астынан алуға дайындау кезінде қолданыстағы шахталы оқпандар желдеткіштер ретінде оларды пайдалану мақсатында жөнделетін болады. Құрылысқа байланысты басқа да дайындық жұмыстары қажет болады және келесі іс-шараларды қосады:

- Желдеткіш шахталары (жер астындағы кен шығаратын телімдердің батысында, орталығында және шығысында қарастырылған желдеткіш);
- Жер асты кеніштерінің әр теліміне арналған көмірмен жылыту қондырғылары;
- Бетонды-толтырым кешені (БТК).

ТАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Ашық тау-кен жұмыстары

Ашық өндіру дәстүрлі бұрғылау-жарылыс және тиеу-жеткізім жұмыстарын пайдаланумен жүргізіледі. Кеніштер жоғарғы қабатқа тым жақын орналасқан кезде қолданылады және жоғарғы қабаттан алынуы мүмкін. Тау-кен жұмыстары кезінде жобамен кен орындарынан тау жыныстарын алу қарастырылады, олар келесілерді бөледі:

- Кен - құрамында алтыны бар жыныс, ол тиімді түрде алынуы мүмкін;
- Бос жыныс - кен орнын қоршаған жыныс және оны кенішке қол жеткізу үшін жояды. Бос жыныс үйінділерге тасымалданады.

Бос жыныс үйіндісі сандармен	
Көлем	163 млн.м ³
Таулы қоспа	419 млн.тонна
Биіктігі	Жер қабатының деңгейінен шамамен 100 метрге жоғары 50 м-ден екі қабат
Ауданы	374 гектар

Жарылыс жұмыстары – тау-кен массасын қопсыту және бұзу үшін қолданылатын стандартты әдіс, оған жыныстарда ұңғымалардың аралықтары тең орналасқан топтамаларды бұрғылау арқылы қолжеткізіледі, ол жерге жарылғыш заттары толтырылады және сосын бақыланатын жарылыстардың топтамасы жүзеге асырылады. Жарылыс арқылы жыныс бұзылады және арқанды экскаватордың көмегімен алынып тасталынады. Теспелердің орналасуы және жарылғыш заттарының саны қажетті ірілігіне

дейін жыныстарды қопсыту үшін күші жеткілікті болатындай етіп есептелген.

Арқанды экскаваторлар кен шығаратын орындардың өздігінен таситын орындарынан кен және бос жыныстарды тиеу үшін қолданылатын болады. Кенді өздігінен таситындар байыту фабрикасының жанындағы кен қоймасына тасымалдайды, ал бос жыныстар - үйіндіге тасымалданады.

Жер асты суларының кен орындарында, сондай-ақ жер асты қазбаларында болуына байланысты, осы суды қауіпсіз алуды жүргізу үшін тау-кен өндірістерінен айдаған жөн. Бүгінгі таңда шахта сулары жер асты өндірістерінен айдалады және Ақбастаубұлақ бұлағына айдалады. Жобаны орындау кезінде шахталы сулар құрғататын сулардың жинағына айдалады, яғни, қолданыстағы кеніштерге, олар бөгетпен

блoкталады және технологиялық қажеттіліктер үшін су қоймасы ретінде пайдаланылады. Осы су қоймасынан су пайдалы қазбаларды қайта өңдеу үшін байытатын фабрикаға айдалады.

Жер астындағы тау-кен жұмыстары

Жоба үшін жер астынан алу әдісі - бұл төменгі тәртіппен сала отырып қабатты ойық әдісі. Төмендетілген тәртіппен белгісі бар ойық - бұл кеннің жоғарыдан төмен қарай алынатын әдісі болып табылады. Мұндай жағдайда, жер асты кеніші өндірістің әр жылымен тереңдетіледі.

Кенішті уату, теспелерді бұрғылау және қуаттандыру телескопиялық жылжымалы нұсқарлары бар арнайы жабдықты пайдалана тырып жүргізіледі. Жарылғаннан кейін уатылған кеніш тиеу-жеткізу машиналарының көмегімен жиналатын болады, олар жерастындағы кеніш қоймасына уатылған кенді жеткізетін болады. Жерастындағы өзі аударғыштар жер астындағы кеніш қоймасынан жоғарғы қабатқа ұңғыма арқылы кенішті жеткізеді. Кеніш оны фабрикаға тасымалдағанға дейін кеніштің түбіндегі уақытша кеніш қоймасында орналастырылады.

Өндірілуі сандармен	
Тау-кенішінің жобалау өнімділігі	жылына 1,8 млн тонна кен
Жер асты кеніштерінің жобалау өнімділігі	жылына 1,2 млн тонна кеніш
Кен шығаратын орындардағы кеніште алтынның құрамы	тонна кенішіне 6,9 г алтын
Жер асты кенішінің кен орнында алтынның құрамы	тонна кенішіне 8,5 г алтын
Минералдық шикізатты қайта өңдеу сандармен	
Байытатын фабрикадағы алтынды алу	93,44%
Концентратына өнімділігі	жылына 220 000 тонна концентрат
Сульфидті	тонна концентратына

Жердің қойнауынан кенішті алуға байланысты орын алған ойықты кенішті емес материалмен толтыру керек, ол құлап кетуден сақтап тұрады. Жоба қалдықтардың айдалуын қарастырады - байыту фабрикасының қалдықтарын, ол жерде қалдықтар цементпен және сумен араластырылады. БТК өндірілетін өнім, паста тәріздес қосымша ретінде белгілі, ол кеніш алынған орыннан, бос жерлерді толтыру үшін жердің астына айдалады. Қосымша жеткілікті түрде қатқаннан кейін, қоршаған ортаның салмағын ұстап тұру үшін, көршілес жатқан кеніштің блогын алуға көшуге болады.

Арнайы желдеткіш оқпандары өткізіледі және айдауыш - тартқыш жүйе қолданылады. Жоғарғы қабаттағы айдағыш және тартқыш ауа желдеткіштері желдеткіш шахталарында орналастырылады және шахтаға таза ауаны береді және өңделген ауаны тартады.

Байыту фабрикасы

Байытатын кешеннің негізгі нысандары - бұл кеннің жүктейтін қоймалары, кенді дайындайтын телім мен байытатын фабрика. Кен шығаратын орыннан немесе жер астындағы кеніштен шыққан кен қайта жүктейтін кеніш қоймасына тасымалданады және қатталады.

Сосын кеніш кенді дайындайтын телімге жіберіледі, ол уатқыштан, конвейерден және уатылған кеннің қоймасынан құралған. Кен кеніш қоймасына тасымалданардың және қатталардың алдында уатқышта ірілеп ұсақталғанға дейін уатылады. Кеніш қоймасы туннель арқылы құрылады, ол басқа ленталы конвейерден және уатылған кенді қуаттандырғыштан құралған. Бұл ленталы конвейер байытатын фабрикада жартылай өздігінен уататын диірменде уатылған кенді тасымалдайды, одан қалдықты алу үшін су қосылады.

Байытатын фабрика - бұл арнайы әзірленген технологиялық сұлба бойынша Қызыл жобасының кешенді кенін қайта өңдеуді жүзеге асыратын телім. Көп рет уату, қалқыту және құмды айыру рәсімдері жүргізіледі, ол үш өнімнің алынуына алып келеді.

Жою және құнарлылықты қалпына келтіру

Денсаулыққа зиянның алдын-алу және халықтың қауіпсіздігі;

Қоршаған ортаға қалдықты әсерін барынша төмендету;

Ұзақ мерзімді болашақта табиғи ресурстарға кәсіпорынның қызметімен байланысты физикалық және химиялық әсерінің алдын-алу;

Ұзақ мерзімді болашақта тиімді және экологиялық таза үлгіде телімді кейіннен пайдалану кеніштің иесі, жергілікті халық және тиесілі органдар үшін қолайлы болып табылады;

Жергілікті халыққа келтірілетін кез-келген жағымсыз әсерлер минимумға әкелінген;

Барлық әлеуметтік-экономикалық пайдалар барынша жақсартылған;

Жою және құнарлылықты қалпына келтіру мемлекеттік қаржыларды тартусыз толығымен қаржыландырылатын болады.

Байытатын фабрикадағы негізгі өнімдер келесілер болып табылады:

Өнім: сүльфидті концентрат

Ілеспе өнім: көміртекті өнім

Қалдықтар: Қалдықтар

Сүльфидті концентрат сыйымдылығы 1,5 тоннаны құрайтын қаптарға қатталады және қапталады, арқалық крандарының көмегімен концентратты сақтаудың теліміне қайта жүктеледі. Концентрат өздігінен шығарушылармен кезең-кезеңмен шығарылатын болады, ол концентратты Шалабай кентіндегі темір жол станциясына немесе оны Қиыр Шығысқа жіберу үшін Чарскке тасымалдайды.

Қайта өңделген кендекөмірлі компоненттер құрамының жоғары болуы көмірдің өнімін алуға көмектеседі. Көмірдің өнімінде алтынның біршама көлемі бар. Осы себеппен көмірдің өнімдері материалдың осындай түрін қайта өңдеу үшін жаңа, арзан өндіру әдістері әзірленгенге дейін немесе көмір өнімін қайта өңдеу экономикалық тұрғыдан тиім болатындай етіп, алтынның бағасы өскенге дейін уақытша сақтайтын қоймаларда орналастырылады.

Ұсақ түйірлерінің уатылған кеніші болып табылатын қалдықтар қалдықтарды сақтайтын орынға сумен бірге түсіріледі. Байытытан фабрикаға берілетін қатты материалдың көптеген бөлігі қалдықтардың үлгісінде қалдық ретінде қала береді.

Қалдық қоймасы

Қалдықтарды сақтайтын орын байытатын фабрикада өндірілетін қалдықтарды сақтау және олардың қоршаған ортаға және өзендерге түсуінің алдын-алу үшін арналған. Қалдықтарды сақтайтын орын кеніш пен байытатын фабриканың суы мен сумен жабдықталуын уақытша сақтау үшін арналған.

Қалдық қоймасында құбыр желілерінің ағызу және коллекторлық қатарлары қарастырылатын болады. Қалдық қоймасына қойылтылған қалдықтарды түсіргенге дейін қойылтқыштарда қалдықтардан су алынатын болады. Айналымдағы сумен жабдықтаудың қалқымалы сорғылары уату және флотация кезінде қайтадан пайдалану үшін байытатын фабрикаға қалдық қоймасынан суды беретін болады.

Жобаның екінші кезеңінде қалдықты қоқысты жинау үшін құбырлар БТК қалдық қоймасынан Капитальная шахтасының жанында орналасқан қойыртпақты айдайды, ол жерде жер астындағы өндірістерде пайдалану үшін паста тәріздес қосымшаны дайындау жүзеге асырылатын болады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

Кен орны күніне 21 сағат, аптасына жеті күн жұмыс істейді. Жоспарлы техникалық қызмет көрсету, қатаң ауа райының жағдайлары және кенішті өндірудің басқа да аспектілері кен орны жұмысының тоқтау кезеңін құрайды. Қолданыстағы мәліметтер бойынша, кен орны жылына 365 күн жұмыс істейтін болады.

Жобаның әр кезеңінде қызметкерлердің болжамды саны келесіні құрайды:

- ашық тау-кен жұмыстарындағы кезеңде 608 адам;
- жер асты тау-кен жұмыстарындағы кезеңде 1 084 адам.

Жобада жақын жатқан елді мекендердегі адамдар тартылатын болады. Жергілікті халыққа жұмыс орындарын ұсыну жоба үшін басымды мақсат болып табылады. Лауазымды рөлдерді атқару үшін білікті мамандар жергілікті халықтың арасынан, ШҚО халқының арасынан немесе жалпы Қазақстаннан табылмаған жағдайда, жедел еңбек шарттарының негізінде шетелдік мамандар тартылатын болады.

ЖОЯТЫН ЖӘНЕ ЖОЙЫЛҒАННАН КЕЙІНГІ МОНИТОРИНГ

Өндіруді аяқтағаннан кейін жобаның аумағы мүдделі тараптардың, оның ішінде кеніш иелерінің, жергілікті халықтың және реттеуші органдардың барлығы үшін қолайлы жерді пайдалануға қайтарылады. Жерді пайдаланудың алдыңғы түрлері жойылғаннан кейінгі кезеңді аяқтағаннан кейін қайта қалпына келтіріледі.

Жалпы құнарлылықты қалпына келтіру іс-шараларына ғимараттарды бұзу мен қайта құру, жабдықтарды шығару кіреді. Жоғарғы қабаты тегістеледі және мүмкіндігінше табиғи қыртысты құру үшін теңдестіріледі.

Қолданыстағы мәліметтер бойынша, кенішті жойған кезде, кен шығарылған орын суды бұратын сорғылар тоқтатылған кезде толтырылады. Кен шығарылатын орында бөгет құрылады, кен орнын қамтитын жер табиғи жолмен өсімдікпен жабылады деп күтілуде (кен шығарылатын орын қандай да бір уақыт өңделмесе, бұл әдетте орын алатын жағдай).

Қолданыстағы кен шығаратын орындардың бірі

Бос жыныстың үйіндісінің құнарлылығын қалпына келтіру деген ілеспе қосалқы толтырумен өзін-өзі жабу дегенді білдіреді. Табиғи өсімдік жабындысын қалпына келтіру үшін үйіндінің еңістері тегістеледі және үйіндінің барлық аумақтары бойынша топырақтың құнарлы қабатын тегістеу жұмыстары жүргізіледі. Топырақтың осы құнарлы қабаты алғашқы кезде бос жынысты тиеуді бастағанға дейін үйіндінің алаңынан алынды және ТҚҚ қоймасына қатталады.

Көмірлі концентраттың сақтайтын қоймасының қабаты саздың қалың қабатын төсей отырып бульдозердің көмегімен тегістелді және жоғарғы қабаты қатталынды.

Қалдықтың қоймасын жою және топырақ құнарлылығын қалпына келтіру үшін нысанды құрғату қажет. Судың шамадан тыс көлемі су тасқыны кезінде су нысанын қабылдайтын құрылған арна арқылы қалдық қоймасынан түсіріледі. Бұл түсірілетін суды араластырады, ол өзеннің суларымен араластырғаннан кейін түсірілетін суларға арналған сапаның нормасына сәйкес келуге мүмкіндік береді. Суды түсірген кезде

барлық сулы және қоқысты құбырлар және сорғылар қайта құрылатын болады. Қалдық қоймасы толығымен құрғатылғаннан кейін және қатты деңгейден төмен қалдық қоймасының аумағында жер асты суларының деңгейі төмендегеннен кейін, қалдық қоймасының құрғақ қабаты тегістеледі және топырақпен және тау-кен салмағымен толтырылады. Бұтақтар мен ағаштарды отырғызғанға дейін жоғарғы қабатты тегістеу жәнеТҚҚ төсеу жүргізіледі, оларға одан әрі күтім жасау жүзеге асырылады.

КӘСІПОРЫННЫҢ ӘСЕРЛЕРІ МЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ШАРАЛАР

КІРІСПЕ

Осы бөлімде қоршаған және әлеуметтік ортаның түрлі элементтері үшін ESIA сипатталған фондық күйі мен әсер етудің бағалануы қысқаша сипатталады. Әр бөлімшеде келесі ақпараттар бар:

- Жобаны іске асыруды бастағанға дейін қоршаған немесе әлеуметтік орта элементінің күйі;
- Жобалау қызметінің нәтижесіндегі мүмкіндігі бар әсерлер;
- Әсерлердің алдын-алу, төмендету немесе басқару жөніндегі іс-шаралар; және
- Іс-шаралардың іске асырылуынан кейін әрекет етуді жалғастыратын болжамды әсерлер (“қалдық әсерлері” ретінде белгілі).

Таралуының аумағы қоршаған немесе әлеуметтік ортаның әр элементі үшін аздап ерекшеленеді. Жобаны іске асырудың нәтижесінде әсер етуге бейім жалпы аумақтары төмендегі суретте көрсетілген.

ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫ ӨЗГЕРТУ

Климаттың өзгеруі адам қызметінің нәтижесінде парникті газдардың шығарылуының нәтижесінде пайда болды деген бірауыздан пікір қалыптасқан. ПГ шығарылуы жүзеге асуының нәтижесінде қызметтің жаңа өнеркәсіптік түрлері, жобаның қызметін көрсете отырып, шығарылымдардың көлемін арттырады және сәйкесінше климаттың ғаламдық өзгеруіне көмектеседі.

Климаттың өзгеруі газдардың бірнеше түріне әсерін тигізеді. Ең белгілі газ - CO₂, сонымен қатар, метан, азоттың оксидін және фторкөмірсүтектерді қоса отырып, басқа газдар (хладагенттер ретінде қолданылатын). Осы басқа газдардың кейбіреулері қатты әсерін тигізетін парникті газдар болып табылады, басқаларымен салыстырғанда CO₂ түрінде ПГ барлық қалдықтарының көмегімен ескеріледі. Бұл CO₂ (CO₂) баламасымен қайта есептеу деп аталады.

Жұмыс ауданының климаттық шарттары

Кәсіпорынның ауданы кезеңдік шаң борандарымен құрғақ және ыстық жазда сипатталады. Жиі қатты желдерімен суық және қарлы қыс. Жедел-континентальды климат ретіндегі шарттардағы температурасы -40С бастап +40С өзгереді. Жазғы кезеңде экстремальды ауа райының жағдайына құрғақ және шаңды борандататын ұзақ құрғақшылық қосылады. Қысқы кезеңде экстремальды ауа райының шарттарына -

20°C температурадан төмен ауаның температурасы, боран, көктайғақ және нәтижесінде тұрақты қарлы жабындының ұзақ кезеңі қосылады.

Қазақстанда соңғы 35 жылдың ішінде қарқынды жылу орын алды, нәтижесінде жылы жылдардың қатары көбейді.

Климатқа Әлеуетті әсер етулер қандай?

Жобаны іске асыру кезінде ПГ шығарылымдарының негізгі көздеріне қызметкерлерді тасымалдау үшін көлік құралдарында және құрылыс пен тау-кен жабдықтарында отынды жағу; құрылыс кезеңінде жерлерді пайдалану (көміртектің шығарылымдарын сіңіре алатын өсімдіктің бұзылуы); жарылғыш жұмыстары кезіндегі жарылғыш заттардың іске қосылуы; әкімшілік ғимараттарын жылыту үшін қазандық және жылытқыш қондырғыларындағы көмірді жағу; шеттен алынатын электр энергияның жаңғыртылмайтын көздерін пайдалану кіреді.

Әсерлерді басқару немесе бақылау үшін қандай әрекеттер жасалады?

ПГ шығарылымдарының негізгі көздері отынды жағу және электрді пайдалану болып табылады. Келесілерді қарастыратын жобалау шешімдеріне қолжеткізу арқылы шығарылымдарды төмендету жүзеге асырылады:

- жобалық құрылыстарға жерлерді тазарту көлемін төмендету;
- тау жұмыстарының учаскесінен аршу үйіндісіне дейін тасып шығарудың минималды қашықтықтарын қамтамасыз ететін аумақты жоспарлау;
- тау жұмыстарының учаскелерінен байыту кешеніне дейін тасып шығарудың минималды қашықтықтарын қамтамасыз ететін аумақты жоспарлау;
- айналмалы сумен қамтамасыз ету су құбырларының жылулықты оқшаулауы;
- Жылуды жоғалтуды төмендету мақсатында ғимараттарды оқшаулау;
- өімдік-құнарлы қабатты алу және көмілген өсімдіктен болжалды шығатын метанды төмендету үшін, қалдықтар қоймасында сүзгіге қарсы экранды пайдалану; және
- Қазіргі заманғы энергия тиімді электр жабдықтарды және үнемді қозғалтқыштармен өздігінен жүретін техниканы пайдалану.

Сонымен қатар, тау-кен жабдығын таңдауды қайта қарастыруды, Қызыл жобасында көлік құралдарын тиімді пайдалануды және энергиялық сыйымды жабдықтың жаңғыртылуын қоса отырып, ПГ шығарылымдарын төмендетудің қосымша мүмкіндіктері қарастырылуда. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында жақында энергияның жаңғыртылатын көздеріне қатысты прогрессивті саясат қабылданды. Егер осы саясат әрекет етуін жалғастырса, жаңғыртылатын көздермен жүргізілетін және желіден жобаға жеткізілетін электр энергиясының үлесі уақыт өте артады. Жаңғыртылатын көздерден электрдің көп көлемін пайдалану жобаны іске асыру нәтижесінде ПГ жанама шығарылымдарын төмендетеді. Сонымен қатар, жел және күннің энергиясын қоса отырып, тікелей кен орындарында жаңғыртылатын энергияны өндірудің көздерін пайдалану мәселелсі қарастырылады.

Және нәтижесінде, жобаны тарату сатысында атмосферадан келешекте көміртегінің ресорбциялануына ықпал ететін аса ылғалды учаскелерін құру мүмкін.

Қандай қауіптер мен әсерлер қалады?

Кәсіпорын өзінің барлық болу мерзімінің бойында ПГ шығарылымдарын қысқартуға тырысады. Қазу алдында және жыл сайын пайдалану ішінде ХҚК талаптарына сәйкес есептілікті ұсыну жоспарланған іс-шаралардың тиімділігін арттыруға және шығарылымдардың көлемін төмендетуге мүмкіндік береді.

ПГ шығарындылармен байланысты негізгі ықпал онымен тудырылатын климаттың өзгеруі болып табылуына қармастан, Қызыл жобасы – бұл ПГ шығарындыларына ықпал жасайтын және климаттың өзгеруіне себеп болатын көптеген мекенделген көздерінің бірі ғана, сондықтан жергілікті, өңірлік және дүниежүзі климатының жобалық өзгеруі Жобаға қолданылмалы бөлек қарау мүмкін емес деп саналады.

ГЕОХИМИЯЛЫҚ ЫҚПАЛ

Геологиялық және геохимиялық факторлардың ағымдағы күйі

Қазақстанның солтүстік-шығыс облысының негізіне Моңғолияның шығысынан батысына қарай оңтүстік Сібірге дейін (Ресей), Оңтүстік Оралдың шығыс жағынан кеңінен жайылған палеозой шөгінді және жанартаулық жыныстарының үздіксіз белдеуі орын алады. Жобаның аумағы алтынға бай кен орнындағы облыста орналасқан.

Қышқыл ағын сулардың (ARD) әлеуетті құрылуын бағалау мақсатында кен орындарын қайта өңдеудің кеңдерінің, жыныстарының және қалдықтарының геохимиялық сипаттамаларына бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қышқыл ағын сулары қышқыл материалдарын құрайтын нақты жыныстармен, сумен және оттеппен байланысқан кезде құрылуы мүмкін. Құрылатын қышқыл кен орындарының, жынысты қалдықтардың және кеніш қоймаларының ашық борттарында, жоғарғы қабатты қалдық қоймаларында және тау-кен өндірістерінің жынысты қосымшаларында металлды ерітуі мүмкін, ол осы металлдардың қоршаған ортаға түсуіне әкеліп соғуы мүмкін.

Қызылда қышқыл ағындардың құрылуы маңызды проблема болып саналмайды, бірақ ағымдағы геохимиялық зерттеулерді және үнемі мониторинг жұмыстарын жүргізу қажет, бұл осы пікірдің кен орнын өңдеген жылдар бойы шынайылыққа сәйкес келетіндігіне көз жеткізуді бекіту үшін қажет.

Кәсіпорынның әлеуетті геохимиялық әсер етулері қандай?

Қызыл алтын кені жобасы құрылысының, пайдалануының және таратуының нәтижесінде қышқыл ағындардың пайда болуының және металлдарды жууының әлеуетті ықпалы топыраққа және су ресурстарына әсерінің көзқарасынан бағаланды.

Қышқыл ағындардың және құрамында металл бар сүзінділердің әлеуетті әсері (ерітілген металлдарды құрайтын сұйықтық) су ресурстарын ластауда жүзеге асырылады. Қорғаныс іс-шаралары болмаған жағдайда келесілерді қосады:

- Пайдаланылған кеңістікті жабу үшін пайдаланылатын цементпен қоспада қатып қалған жыныстық материалдан қышқыл ағындарды және/немесе құрамында металл бар сүзінділердің бөлінуі;
- Ластаған қышқыл және/немесе ағын сулар немесе сүзгілер арқылы судың металлын құрайтын ағын суларды бөлу;
- Көмір қоқымын сақтауға арналған құрылыстардан ағындар және сүзгілеу нәтижесіндегі ластану;
- Қалдықтар қоймасындағы сүзгілеу нәтижесінде және/немесе тазартылған суды айдау кезіндегі ластану; және
- Ластаған суды кен қоймаларынан, әсіресе, ұзақ уақыт ішінде пайдаланылмайтын баланстан тыс кен қоймаларынан бөлінуі.

Геохимиялық әсерлерді басқару немесе бақылау бойынша іс-шаралар

Барлық жыныстық үйінділерді және баланстан тыс кеннің қоймаларын жобалау, салу және пайдалану кезінде мыналарға бағытталған іс-шаралар көзделеді:

- Қышқыл ағындардың жасалауын болдырмау немесе төмендету;
- Құрамында металл бар сүзінділердің бөлінуін бақылау;
- Геохимиялық сипаттамалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- Теңгерімнен тыс кеннің жынысты үйінділерінен және қоймаларынан жоғарғы қабатты сулардың түсуі мен ағындарын бақылау; және
- Құрамында металл бар сүзінділердің және қышқыл ағындылардың беткі және дер асты суларға және топыраққа түсуін болдырмау.

Кен орындарын жою және құнарлылығын қалпына келтіру жоспарында геохимиялық әсерлерді басқарудың ұзақ мерзімді тәсілдері сипатталады. Жоспар кен шығаратын орындар, үйінді қыртыстары, қалдықтың қоймасы және көмір қоқысының қоймасы үшін іс-шараларды және рәсімдерді қосады.

Тиісті қорғаныс шараларын қабылдаған жағдайда, қышқыл ағындардың әсері және металдардың топырақтар мен су ресурстарына сілтіленуі мардымсыз болады. Қоршаған және әлеуметтік ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары (ESMP) қабылданған қорғаныс шараларының тиімділігін бағалау мақсатында тұрақты мониторинг үшін негізді қамтамасыз етеді. Қышқыл ағындылары мен металдарды жуудың жағымсыз әрекеттері тәуекелі құрылыс кезінде ескерілмейтіндей аз дейін және пайдалану кезінде маңызды емеске дейін азайтылатын болады.

Қандай қауіптер мен әсерлер қалады?

Кәсіпорын тарату сатыларына жеткенше ашылатын жыныстарды қаттау учаскелері бірнеше жыл бойынша қайта қалпына келтірілетін болады және тиісінше қышқыл ағындылар мен металдарды жууды басқару тәсілдерінің тиімділігі мен ұзақтығы біршама уақыт ішінде әрекет ететін болады.

Осылайша, қышқыл ағындарының құрылуы және күшәнің жуылуы ұзақ мерзімді болашақта маңызды әсерін тигізбейді.

АУА САПАСЫ

Ауаның қолданыстағы күйі

Ірі елді мекендердің және өнеркәсіп орталықтарының қызметі әдетте көлік құралдарынан және өнеркәсіп кәсіпорындарынан шығарудың нәтижесінде уақыт өте ауа сапасының нашарлауына алып келеді. Қызыл және Әуезов сияқты ауылдық елді мекенде адамның өмір тіршілігі, мысалы, ауыл шаруашылығының өндірісі және тау-кен жұмыстары, бірақ өнеркәсіп шығарындыларымен салыстырғанда біршама аз деңгейде ауаның сапасына әсер ете алады.

Жобалау жұмыстарының аудандарында маңызды газды құрайтын шығындардың және қатты заттардың шығындарының құрылуына көмектесетін ірі елді мекендер немесе қолданыстағы өнеркәсіп орталықтары жоқ. Кейбір газды құрайтын шығындар көлік құралдарының пайдаланылған газдарының шығындары немесе жылыту жүйесінен және өрттен шығатын шығындар түрінде кен орнының ауданында елді мекендерден атмосфераға түседі. Әуезов кенті тау-кен кәсіпорнына жақын жатқандықтан өнеркәсіптік деп саналуына қарамастан, өзінің сипаты бойынша оны елді мекенге жатқызуға болады, себебі оның фондық шарттарына өнеркәсіптік қызметі әсерін тигізбейді.


Әсерді төмендету жөніндегі өзекті шаралар құрылыс материалдарын, жұмыс күшін және тасымалдау, көліктің бірыңғай тасымалдау бағытынан ауытқуына жол бермеу және бір рейс кезінде жүктің максималды мөлшерін тасымалдау салдарынан болатын әсерді төмендетуге бағытталатын болады.

қандай қауіптер мен әсерлер қалады?

Көлік қозғалысының кәсіпорынның құрылыс және пайдалану кезеңіне қосындыланған әсері Әуезов және Шалабай кенттерінің тұрғындарына «орташадан төмен» болып бағаланады. Құрылыс кезеңінде алаңға габаритті емес жүктер жеткізілетін болады, ол уақытша қалыпты жол қозғалысын қиындатуы мүмкін. Алайда, бұл қиындықтар ұзақтылығы бойынша қысқа болады - жолдан бөлек алғанда қиындысын бойына бірнеше сағат.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘСЕР ЕТУ

Жергілікті халықтың ағымдағы жағдайы

Кәсіпорынға жақын екі тұрғын орыны - Әуезов кенті мен Шалабай ауылы.

Әуезов кенті тұрғындарынан алған сауалнамада, барлық тұрғындарға халықтың жұмыссыздар санатының пайызы өте төмен екендігін көрсетті, шамамен еңбекке қабілетті жастағы тұрғын еңбекке қабілетсіз жастағы тұрғынға. Көптеген тұрғындар маусымдық кіріске сенім артады, осылайша отбасылардың қыс айларындағы кірісі шектеулі.

Әуезов кенті мен Шалабай ауылы отбасыларының төрттен үш бөлігіне жуығы этникалық қазақтар болып шықты, қалған бөлігі - орыстар немесе немістер. Отбасылардың үлкен бөлігі (79%) екі тілді болып келеді, қазақ және орыс тілдерінде сөйлейді. Сауалнама, Әуезов кенті отбасыларының төрттен бір бөлігіне кірістің негізгі бөлігі қарт кісілерге арналған мемлекеттік зейнетақы болып табылатындығын көрсетті. Отбасылар шығындарының негізгі баптары - ол, азық-түлік, ипотека, қарыздық және көліктік төлемдер.

Шалабай ауылының көптеген тұрғындары, қазақтың ақбас іріқара малын өсіруге мамандандырылған жергілікті “Шалабай” ЖШС фермасы арқылы тікелей немесе қосымша күн көреді.

Әуезов отбасыларының төрттен бір бөлігіне жуығы мал өсіріп, оның ішінде қой, сиыр, жылқы, тауық ұстайды және оларды азық түлік алу үшін ұстап отырғандығын айтты. Шалабай ауылында бұл сан сәл көбірек болды, отбасылардың 85% кем дегенде бір жануарға ие. Шамамен сауалнама алынған екі тұрғын орындағы отбасылар теледидар және техникаға ие, оған қоса көбісінде орталық электр қуаты, жерсеріктік телеарна қосылған. Отбасылардың шамамен тең жартысында машина бар.

Әуезов және Шалабай өңірінде орналасқан Солнечный және Жаңа ауыл тұрғын орындарында да ұқсас жағдай, дегенмен тұрғындардың көбісі табиғи шаруашылықтан пайда табады.

Жергілікті халық сандық өлшемде

Халық

Әуезов: 2742 (1997 жылдан төмендеп келеді, ол кезде халық саны 8000 адамды құрады)
Шалабай: 1124

Орташа жұмыспен қамтылу:

Әуезов: Отбасыға 2,7 адамнан
Шалабай: Отбасыға 4 адамнан

Этникалық құрамы:



Отбасылардың кірісі (орташа жылдық):

Әуезов: 60 000 теңге
Шалабай: 97 850 теңге

Жоба, жергілікті халық демографиясына, экономика және өмір сүру көздеріне қандай әлеуетті әсер етеді?

Халықтың қамтылуы

Карьер мен сәйкесінше жерасты кен орнын өтеу кезінде, жобамен 608 ден 1084 жұмыс орындары берілетін болады. “Полиметалл” ААҚ компаниясы жергілікті халыққа басым түрде жұмыс орындарын беруге міндеттеледі, алайда, біліктілікті талаптарға байланысты, кейбір жұмыс орындары сырттан келген мамандарға берілетін болады деп болжамдалуда.

Қызыл жобасында ашық шығару өндіру кезінде 608 адам, жер асты өндіруі кезінде 1084 адам жұмылдырылатын болады.

Кен орнының жұмысшыларының алатын кірісі, жергілікті халықтың орташа жалақысынан жоғарырақ болады. Кен орнындағы өсіп келе жатқан жұмыспен қамтылу, Әуезов кентінде мейрамхана бизнесі мен ойын-сауықтың дамуына, сонымен қатар, тұтынушы тауарлар мен қызметтердің сатылымының өсімінің дамуына әлеуетті әсер ете алады. Ауылшаруашылық өнімдерін өндірумен айналысатын адамдар, өз тауарларының өтуін оңай ұйымдастыра алады, сонымен қатар, өте үлкен нарыққа енгізу үшін Өскемен немесе Семейге жиі транспорттық қатынас пайдалана алады.

Дегенмен де, аудандағы жұмыспен қамтылудың өсуіне байланысты кейбір кемшіліктер кешірімді, оған қоса, өмір сүретін шығындардың өсуі және жалақы инфляциясы, әлеуметтік дәстүрлерін жоғалтуды қоса, кен орнындағы жұмысқа күн көріске табыс табудың дәстүрлі тәсілдерінен әлеуетті көшу. Бұған қоса, құрылыс кезеңінен пайдалануға өткен кезде, жұмысшылардың көп қысқартылуы өтеді және ол кен орнын жойғаннан кейін де орындалады.

Адамдардың көші-қоны

Бұл масштабтың жобасын құрастыру, жұмыс іздеуші адамдарды әртүрлі аймақтардан әлеуетті түрде қызықтыратын, экономикалық мүмкіндік болып қарастырылады. Жастардың табыс табуға кететін соңғы бет алыстарын ескере отырып (әсіресе еркектер), жобаны құрастыру, отбасы мүшелерінің қалып қоюын немесе өңірге қайтуына ықпал етуі мүмкін. Өңірге адамдарды көшіру кезінде, жергілікті халықтың және бар әлеуметтік құрылымдардың сипатын өзгерте алатындай, кенттерде халық саны өседі. Көшіп келушілер, асыраушысы жұмыс алған кәсіпорын орналасқан өңірге өз отбасыларын көшіріп ала алады. Саудагерлер мен шағын және орташа бизнес кәсіпкерлері де, кен орнындағы жұмысқа байланысты халықтың таза табысының өсуі арқасында, пайда табу үмітімен келуі ықтимал. Ең ықтималдысы, көшіп келушілер Әуезов кентінің жобаға жақындығына байланысты соған, сонымен қатар Шалабай ауылына да қоныстануы.

Кенттердегі денсаулық сақтау және жергілікті мектеп сияқты қызмет түрлерінің көлемі, халықтың өсуі жергілікті халыққа қызмет көрсетуге шектен тыс қысым көрсетпейтінін қамтамасыз ету мақсатында бағаланған, Қазіргі таңда, ондай қызметтер толық көлемде қолданылмайды және қосымша сұраныс болған жағдайда, олар тек ұтысқа шығады.

Келген адамдардың, жұмысшы және көшіп келушілердің өңірге келуі, әлеуметтік қиындықтар туғызуы мүмкін. Жергілікті дәстүрлер мен көшіп келушілер дәстүрлері арасындағы әлеуетті айырмашылықтарының бір үйлестікте, жергілікті нарықтағы төленетін жұмыспен қамтудың аяқасты өсуі де, әлеуметтік қиыншылықтарға әкеп соғуы мүмкін. Қазақстан мен әлемдегі ұқсас жобаларда орын алған әлеуметтік жобалар, алкоголь тұтынуды өсуі, жезөкшелік және жыныс жолдары арқылы берілетін аурулардың өсуі, сонымен қатар қылмыскерлік пен агрессиялы мінез-құлықтың өсуін қосты.

Өңірге жаңа адамдарды, соның ішінде жұмыскерлерді немесе көшіп келушілерді тарту әлеуметтік қиындықтар

Экономика

Жобадан түсетін мемлекеттік табыстар оңтайлы болып есептеледі. Көптеген елдер тау-кен салық төлемдерін тау-кен өндірушілер мен мұнай-газ кәсіпорындары мемлекеттік бюджетке төлейтін салық төлемдерін бақылауға, сондай-ақ қауымдастықтың ниетіне сәйкес бюджетке төленетін жаңғыртылмайтын төлемдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін Полиметалл мемлекеттік бюджетке төлейтін өз төлемдерінің жыл сайын егжей-тегжейлі жариялауды жоспарлауда және «Өндіруші салалардың ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі бастамаларға» қатысу туралы ҚР кез-келген шешімін қолдайтын болады.

Жобаны құрастыру жергілікті инфляцияға әсер етуі ықтимал. Бұл жергілікті экономика аумағында сатып алу қабілетінің ұлғаюымен, уақыт өте келе сұраныс пен бағаның ұлғаюымен шартталады. Инфляциялық қысым елді мекеннің аумағында сатып алынатын тауарларға, сондай-ақ тұрғын үйлердің жергілікті нарығына әсер ете алады. Инфляциялық салдар табысы жылжымайтын мүлікті жалға беру/сату немесе азық-түлік өнімдерін сату арқылы ақшалай шаруашылыққа негізделген жанұяларға ерекше әсер етеді.

Өмір сүру құралдары

Қалдық қоймасы мен байыту фабрикасы орналасқан жерге қолжетімдіктің шектелуі салдары ретінде кәсіпорынның әсерін аумақты Әуезов кентінің тұрғындарына тиесілі малды жаю үшін және жемшөп дайындау үшін пайдаланатын малшылар сезінетін болады. Жергілікті тұрғындар үшін де бұрын тұтыну үшін және дәрілік қажеттіліктер үшін өсімдіктер, шөптер, саңырауқұлақтар жинаған кейбір жерлер қолжетімсіз болып қалады, алайда «Полиметалл» жобада жерді барынша аз алынатынын кепілдейді. Жергілікті балықшылар арасында сауалнама жүргізу нәтижесінде олар Ақбастау бұлағының арнасына бөлінген жоспарланған учаскенің жанында балық аулайтыны белгілі болды.

Жер сатып алу және қоныс аудару

Кенішке жақын орналасуы себебінен Социалистическая көшесіндегі 27 үй жайды ПМ қоныс аудартты. Әр үй жай бойынша жер телімдерін сатып алу үдерісі аяқталды, барлық мәмілелер жасалды. Тұрғындар өз үйлерінен көшіп кетті, барлық үйлер ысырылды. Еуропалық даму және қайта құрылымдастыру банкінің халықаралық стандарттары бойынша қоныс аудару үдерісі ерікті болып есептеледі, себебі бұл үй жайлар кеніштің санитарлық-қорғаныс аймағынан тыс орналасқан, сондай-ақ жергілікті тұрғындармен келіссөздер жүргізу кезінде ПМ жетекшісі қоныс аудару қажеттілігін болдырмау үшін кеніштің жоспарын өзгертуге ниетті екенін айтқан болатын. Аталған үйлердің тұрғындары хабардар болды және үдерісті жалғастыруға өз келісімін берді.

Әсерлерді бақылау үшін не жасалады?

Жоба үшін жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман және жобаның бас жетекшісі тағайындалды, олар әлеуетті әлеуметтік салдар үшін және жүйелі түрде мүдделі тараптарды тарту үшін жауапты. Жобаның қатысы бар жергілікті тұрғындардың өкілдері жобамен және жобаның әлеуетті салдарымен байланысты кез-келген мәселелерді шағымдар мен ұсыныстарды қарастыру механизмінің ауқымында, сондай-ақ жергілікті тұрғындармен кездесу кезінде «Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жоспарында» егжей-тегжейлі сипатталғандай етіп көтере алады.

«Полиметалл» компаниясы үшін жергілікті халықты жұмысқа тағайындау басымдылық болып табылады. Кенішті салудан пайдалануға ауысумен байланысты және кеніш таратылған кезде жұмыскерлердің қысқаруының әлеуметтік әсері тиімді, алдын ала кеңес беру және жоспарлау көмегімен реттелетін болады. Сондай-ақ Полиметаллдың мердігерлері штаттың қысқартылуын жоспарлауы тиіс.

Қоныс аударушылармен байланысты тәуекелдер жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін азайтуы мүмкін. Кенішті салу және пайдалану кезінде қоныс аударушыларды орналастыру арқылы жобада көші қон тәуекелдерімен байланысты шаралар қабылданатын болады. Жұмысшылардың жергілікті тұрғындармен өзара әрекеттесуі қызметкерлердің көп болуымен байланысты экономикалық сұранысты барынша азайту арқылы және сәйкесінше, өңірдің оппортунист көшіп келушілер үшін тартымдылығын төмендету арқылы бақыланатын болады.

Кейбір жұмыскерлер Әуезов кентіндегі және жоба аумағының жанындағы қонақ үйлерге («Калифорния» және «Қазақстан» қонақ үйлері) орналастырылатын болады. Барлық қызметкерлер мен мердігерлер «Полиметалл» компаниясы қабылдаған «ішкі тәртіп ережелерін» орындауға тиіс, бұл ережелерде мінез-қылықтың белгілі нормалары қарастырылған. Ережелерді орындамау қызметкерлер мен мердігерлер үшін тәртіптік шараларға әскеп соғуы мүмкін. Қазіргі таңда қызметкердің көбісін жергілікті елді мекендерде жеткіліксіз пайдалануын ескере отырып, тұрғындар санының қосымша артуы осындай қызметтерді көрсетуге кедергі келтірмейтін болады деген болжам жасалады. Жергілікті билік органдарымен ынтымақтастық ететін компания мониторингті мұқият жүргізетін болады.

Кәсіпорын жергілікті тұрғындарға оң әсер етуі үшін Полиметалл қабылдайтын басқа қадамдар шамасы келгенше жергілікті өндіріс тауарлары мен өнімдерін сатып алудан тұрады. Тиімді екі жақты байланысты жергілікті тұрғындармен жұмыс жасау үшін тағайындалған маман қолдайтын болады, сондықтан әлеуетті көші-қонмен байланысты кез-келген мәселелер жылдам және жергілікті тұрғындардың қолдауымен шешілуі мүмкін.

Барлық қызметкерлер мен мердігерлер «Полиметалл» компаниясы қабылдаған «ішкі тәртіп ережелерін» ұстануға міндетті.

Полиметалл компания төлейтін роялти және салықтар сомаларын жергілікті бюджетке жыл сайын төленетін жер салығының өлшемі туралы есептілікке қосымша ретінде жариялайтын болады. Инфляциялық қысымды кәсіпорын бақылайтын болады, бұл тұста Қазақстандағы салалық нормаларға сәйкес еңбек ақының деңгейін қолдау үшін күш салынатын болады.

Кәсіпорынның нысандарын малшылар үшін маңызды аумақтан шамадан келгенше тыс жерлерге орналастыру арқылы кәсіпорын малшыларға келтірілетін әсерді барынша азайтатындай етіп жобаланған. Осыған қарамастан, малшылар кейбір жайылымдарға қолжетімдіктен айырылады, сондай-ақ кейбір аумақтарға қолжетімдік шектелетін болады. Осы өзгерістердің салдарын болжау қиынға түседі, алайда, олар барынша аз болуы ықтимал және әсерлерді жұмсарту үшін қосымша шаралардың қажеттілігін анықтау үшін жобаны жүзеге асыру барысында бақыланатын болады. Қазіргі таңда малға жемшөп дайындау үшін пайдаланылатын аумақ жоғалған жағдайда немесе кеніш жұмыс істеген кезде оларға деген қолжетімдік шектелген жағдайда кәсіпорыннан тыс дәл осындай аумақтардың қолжетімді

болуының және оларға елді мекендердің жақын орналасуының салдарынан жергілікті тұрғын айтарлықтай әсер келтірілмейді.

Ажырату және құнарлылығын қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар арқылы кеніштегі жұмыс аяқталған кезде бұрын жоғалған жердің көп бөлігі қайтарылатын болады, бұл оларды қайтадан мал жаю үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Алайда, кейбір жерлер бұрын пайдаланылған күйге дейін қалпына келтірілмейді.

Қандай әсерлер қалып қояды?

Жоба өңірге бірқатар ұзақ мерзімді әсер етеді, сонмен қатар өңірдегі бизнес деңгейінің ұлғаюынан оңтайлы экономикалық салдарға әкеп соғады, соның ішінде тұрғындарды жұмыспен қамту және жобаны жүзеге асыру саясаты жүзеге асырылуы мүмкін. Жобамен өзара жанама байланысқан кезде қызметкерлер мен жергілікті тұрғындар жоғары сатып алу қабілетін иеленеді, бұл жалпы өңірге артықшылықтар береді.

Әсерлерді жұмсарту жөніндегі шараларды қолданғанның өзінде үлкен көші-қон орын алуы мүмкін. Тұрғындар санын кеңейтуді жоспарлауға көмектесу үшін Полиметалл жергілікті әкімшілік органдармен жұмыс істейтін болады. Әуезов кентінде жаңа жұмыс орындарының ашылуы салдарынан жергілікті емес тұрғындарды жұмысқа тарту және әлеуетті көші-қон жергілікті тұрғындар тап болатын әлеуметтік мәселелердің деңгейі мен типіне әсер етуі мүмкін. Осындай әсерге мониторинг жүргізілетін болады және қажет болу шамасына қарай осы әсерді жұмсартудың қосымша шаралары қабылданады.

Кәсіпорында жұмыс істеу үшін адамдарды жалдау салдарынан келтірілетін әсер жобаны пайдалану мерзімінен де ұзағырақ болады деп күтілуде, себебі жобада жұмыс істеген кезде жұмыскерлер жаңа дағдыларды дамытатын болады және экономика одан әрі дамиды болады. Осы оңтайлы салдар жобаның өзекті ауыспалы кезеңдеріндегі үлкен қысқартулардан туындаған теріс салдардың есебінен төмендетілетін болады. Жобаны сатып алуды қадағалауға және мониторинг жүргізуге бағытталған күш-жігер, сондай-ақ білім беретін бастамалар экономиканы жалпы жақсартуға көмектеседі.

Экономиканың барлық секторлары кенішті құрастыруда ұтпайды. Жердің, кен өндіру жөніндегі жобада жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы жұмыскерлерінің қолжетімділігінің төмендеуінің және дәстүрлі ауыл шаруашылығы тәжірибесінен алшақтаған қоғамдағы өзгерістің үйлесімі салдарынан ауыл шаруашылығы секторына айтарлықтай әсер етіледі.

Жобаның жерге қолжетімділігінің кейбір шектеулері ол таратылғаннан кейін де қалады. Пайдаланылған карьерлер мен қалдық қоймалары топографиясына байланысты және қауіпсіздік мақсатында мал жаю үшін сай келмейтін болуы ықтимал.

ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ

ағымдағы санитарлық-гигиеналық шарттар және қолданыстағы емдеу мекемелері

Жобалау аумағының жанында мекендейтін жергілікті тұрғындарға медициналық қызмет көрсету деңгейі жеткілікті, бұл жерде кереуеттер саны жеткілікті ауруханалар, сондай-ақ Полиметаллдың қолдауымен жұмыс істейтін жедел жәрдем қызметі бар. Мемлекеттік емдеу мекемелерінде дәрілік заттардың шектеулі қоры байқалады, алайда Әуезов кентінде жекеменшік дәріхана бар.

Солнечный және Жаңаауыл серік қыстақтарының тұрғындарына қарағанда Әуезов және Шалабай кенттерінің тұрғындарының көпшілігі үшін су құбырнан ағатын ауыз су қолжетімді. Ауылды жерлерде әдетте кәріз жүйесі болмайды. Тұрмыстық ағынды сулар жиналатын жер шектелген, ол жеке меншікке берілген, су жинау жүйелі түрде және тиімді жүргізілмейді, және жергілікті билік органдарының пікірінше, бұл күрделі мәселе болып табылады.

Қазақстанда денсаулықпен байланысты негізгі мәселелер адамнан адамға жұқпайтын, инфекциялық емес сипаттағы аурулармен байланысты. Зертелетін ауданда денсаулыққа қатысты негізгі мәселелер жүрек ауруларымен, семіздікпен және диабетпен байланысты. Ауданда жыныс жолымен берілетін аурулардың деңгейі төмен, туберкулезге шалдығу деңгейі де төмен.

Денсаулыққа әсер ету әлеуеті және жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігі

Жоба жергілікті тұрғындардың денсаулығына оң әсер етеді деп күтілуде. Судың сапасымен және нашар санитарлық-гигиеналық жағдайлармен байланысты жағдайлар төмендейді деп күтілуде. Санитарлық-техникалық жүйелерді жөндеудің және инфекциялық емес аурулар туралы хабардар болу деңгейінің артуының арқасында осындай аурулардың деңгейі айтарлықтай төмендеді.

Сондай-ақ жоба жергілікті тұрғындардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қандай да бір теріс әсер етуі мүмкін деп күтілуде. Атап айтсақ, жыныстық жолмен берілетін аурулар саны артады, жол-көлік оқиғаларының пайызы ұлғаяды, сондай-ақ тау-кен кәсіпорнының күзетшілері мен Жобаның әсеріне тап болған жергілікті тұрғындардың арасында шиеленістер туындау тәуекелі де болуы мүмкін.

Кенішке қарай бағытталған көлік қозғалысының деңгейі айтарлықтай артады, бұл жол-көлік оқиғасы тәуекелінің және шу деңгейінің ұлғаюына әкеп соғады. Жаңа жолдарды салу нәтижесінде жол инфрақұрылымы ұлғайған көлік ағысының талаптарына сай келетін болады.

Егер күзетшілер оңтайлы емес жағдайларда күшін қолданса, онда Жобада күзеттің болуы шиеленіс тудыруы мүмкін. Күзеттің болуы Әуезов кентінің полиция қызметкерлерімен толықтырылатын болады.

әсерді бақылау және басқару үшін не жасалатын болады?

денсаулық сақтау жүйесіне әсер ету

Әуезов және Шалабай кенттеріндегі дәрігерлер медициналық бақылау көмегімен Бақыршық кенішінің қайта ашылуымен байланысты демографиялық ахуалдың өзгеруісін барынша қысқа мерзім ішінде жеңе алатынына сенімді. Жобаның жетекшісі жергілікті тұрғындардың арасындағы демографиялық өзгерістерді қадағалайтын болады және денсаулық сақтау мекемелерінің жергілікті халықтың талаптарына сай келетінін анықтау үшін жергілікті денсаулық сақтау органдарымен ынтымақтасатын болады. Жобаның жетекшісі медициналық қызмет көрсету жұмыскерлердің талаптарына сәйкес келуін, кәсіби гигиенаның сақталуын және жұмыскерлер жедел жәрдемді уақтылы алуын қадағалайды.

сексуалды денсаулық және инфекциялық аурулар

Сексуалды денсаулықпен байланысты мәселелерді басқару үшін Кәсіпорынның жетекшісі бірнеше тәсілді қолдана алады. Бірінші кезекте бұл - жұмыскерлерге жергілікті тұрғындардың арасындағы жауапты және құрметті қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін және сексуалды алымсақтыққа жол бермеу үшін бағытталған саясатты, корпоративтік этика кодекстерін және білім беру бағдарламаларын түсіндіру. Сексуалды денсаулықта және жыныстық жолмен берілетін ауруларды бақылау бағдарламалары мердігерлерге де таралатын болады. Жұмыскерлерді орналастыру ауыру тәуекелдерін төмендететіндей етіп ұйымдастырылатын болады. Жұмыскерлер арналған тұрғын орынжайлары инфекциялық ауруларды барынша азайтудың халықаралық стандарттына сай келетін болады.

Әуезов және Шалабай кенттеріндегі дәрігерлер медициналық бақылау көмегімен Бақыршық кенішінің қайта ашылуымен байланысты демографиялық ахуалдың өзгеруісін барынша қысқа

жазатайым оқиғалар мен жарақаттар

Тау-кен және қосалқы өндіріспен байланысты жазатайым жағдайлар мөлшерінің ұлғаю тәуекелін басқару үшін Жобаның жетекшісі жоспарланған өндіріс қызметінің тәуекелін бағалау негізінде халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін басқару жоспарын құрастырады. Жоспарда төтенше жағдайларға дайындық және жергілікті тұрғындарға, сондай-ақ жұмыс орындарында туындаған жазатайым жағдайлар үшін апаттарды жою жоспарлары қамтылатын болады. Жазатайым жағдайларды болдырмау үшін учаскеге жүктерді жеткізетін үлкен жүк көліктері үшін жылдамдықты шектеуді тағайындау және бақылау, автокөліктердің қолдануға жарамдылығын анықтау стандарттарын енгізу және ішімдік пен есірткі құралдарын тұтынуға қатысты саясатты енгізу жоспарлануда.

күзетпен арадағы шиеленістер және адамның құқықтары

Жергілікті тұрғындар мен компания өкілдерінің (соның ішінде күзеттің) арасында шиеленістердің туындауына жол бермеу үшін Полиметалл күзет қызметкерлерін адам құқығына қатысты мәселелер бойынша дайындайды. Күзеттің барлық қызметкерлері тиісті түрде оқытылады, олардың жұмысы зейін қойып қадағаланатын болады.

қандай әсерлер қалады?

Жобаның денсаулық сақтау саласына келтіретін пайдасы жоба аяқталғаннан кейін де жалғасады деп болжануда. Басқару шараларына қарамастан, жол-көлік оқиғалары жалғасуы ықтимал, себебі Полиметалл үшінші тұлғалардың жолдағы мінез-қылығы үшін жауапкершілік тартпайды. Күзетпен арадағы шиеленістер мұқият мониторинг жүргізуді талап ететін мәселе болып табылады.

КУМУЛЯТИВТІК ӘСЕР

Кумулятивтік әсер Жобаның экологиялық және әлеуметтік әсері басқа дереккөздер келетін әсерге тап болады, олар табиғи үдерістер, жобалар немесе аудандағы өзге қызмет түрлері болуы мүмкін.

ЖОБАМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ӘЛЕУЕТТІ КУМУЛЯТИВТІК ӘСЕР ҚАНДАЙ?

ОЭВЖ-де болжанған Жобаның әсері төмен немесе орташа болады, және атмосфералық ауаға, топыраққа, су ресурстарына, биологиялық әртүрлілікке және жергілікті тұрғындарға ететін әсерден, сондай-ақ шу әсерінен тұратын болады. Осы мәнмәтінде Жобамен байланысты әлеуетті кумулятивтік әсер анықталған жоқ.

КУМУЛЯТИВТІК ӘСЕРДІ БАСҚАРУ НЕМЕСЕ БАҚЫЛАУ ҮШІН ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНАТЫН БОЛАДЫ?

Полиметаллдың жетекшісі Әуезов және Шалабай кенттеріндегі әлеуетті әсер ету көздерінің дамуы туралы, атап айтсақ, Жобаның экологиялық және әлеуметтік әсерін ұлғайтатын және қосылуы мүмкін өнеркәсіптік және ауыл шарушалығы кәсіпорындары туралы үнемі хабардар болуы тиіс.

ЖОБАНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Қызыл жобасының баламалары экологиялық және әлеуметтік әсер ету тұрғысынан егжей-тегжейлі қарастырылды. Қарастырылған нұсқаларға әртүрлі шығару және өңдеу технологиялары, сондай-ақ кеніш инфрақұрылымы нысандарының баламалы орналасқан орны кірді.

БАЛАМАЛЫ ӨҢДЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Қызыл жобасындағы кен орны дәстүрлі ашық тәсілмен, сондай-ақ жерасты тәсілімен өңдеу үшін жарамды. Жоба үшін өңдеудің құрамдастырылған тәсілі таңдалды.

БАЛАМАЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СЫЗБАЛАР

Кеннен алтын шығарудың жалпы қабылданған технологиялары шоғырланған немесе ұсақталған кенді гравитациялық сепарациялау, сынап амальгамациясы және цианидпен сілтісіздендіру болып табылады.

Бақыршық кен орнында қалған алтын кен минералдарының кристалды торымен байланысты және жоғарыда аталған тәсілдермен алтынды кеннен алып шығу үшін жарамсыз. Технологиялық сынаулардың нәтижелері көрсеткендей, Қызыл жобасының алтынын кешенді технологиялық сызбаны пайдаланған кезде дәстүрлі көп сатылы флотация технологиясының көмегімен алып шығуға болады.

Қызыл жобасында құрамында бір тоннаға шаққанда 99 грамм алтын бар концентраты өндіру және одан әрі өңдеу үшін Ресейге жөнелту жоспарлануда. Бұл тәсілдеменің кәсіпорын үшін экологиялық артықшылықтары бар, себебі ол учаскеде цианид сияқты қауіпті химикаттарды пайдалануға жол бермейді.

КӘСІПОРЫННЫҢ ОРНАЛАСУЫНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Кен орнының орналасқан жері мен тұспалдануы ашық карьердің күйі мен пішім үйлесімін анықтайды, алайда кәсіпорын инфрақұрылымының қалған нысандары өндірістік қажеттілікке, топографияға, қоршаған және әлеуметтік ортаның әсеріне деген сезімталдыққа, сондай-ақ экологиялық және әлеуметтік шектеулерге байланысты орналасуы мүмкін. Учаскені жобалаған кезде техникалық және техникалық емес аспектілер, соның ішінде жерлердің жарамдылығы, заңды талаптар, сондай-ақ техникалық, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік критерийлер ескерілді.

Кәсіпорынның инфрақұрылым нысандарының орналасуы негізінен қолданыстағы тау және өнеркәсіп нысандарының орналасуына, сондай-ақ кеніш денесіне деген қолжетімдік сақталуына тәуелденеді. Бос жыныстардың қайырмалары мен қалдық қоймасы кәсіпорынның басқа компоненттерінің жанында болады. Кеніш инфрақұрылымының орналасқан жерін жобалаған кезде оны Әуезов және Солнечный кенттерінен ажыратуға үлкен назар аударылды.

Өңдеу тәсілін таңдауды негіздеу

1. Ашық әдіс жоғары бөлікке көлбеу орналасқан және Қызыл Жобасына ұқсас мәні мен сипаттамасы бар кен орнын өңдеудің экономикалық тұғырдан тиімді тәсілі болып табылады;
2. Технологиялық қауіптер өндірудің жинақталған тәсілдерін пайдалану кезінде төмен болады;
3. Алғашқы ашық өндіру тәсілі жерасты қорларын ұзақ мерзімде өңдеуді қамтамасыз етеді.
4. Алғашқы ашық өндіру тәсілі кенді тез табуды қамтамасыз етеді.

Кеніш инфрақұрылымының орналасқан орны кеніштің инженерлік коммуникацияларының желілері, соның ішінде сумен қамту, жылыту және электрмен қамту желілері Әуезов кентінің инженерлік коммуникацияларынан бөлек өтетіндей етіп таңдалды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Кәсіпорында барлық жобалау талаптарын қамтитын экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспары, теріс әсерді жұмсарту және оларды басқару жөніндегі шаралар, сондай-ақ ОЭВЖ-де анықталған мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстар жүзеге асырылады. Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарына ұйымдастырушылық талаптары, қоршаған және әлеуметтік ортаның күйін бақылау және мониторинг жүргізу жөніндегі жан-жақты айрықша салалық жоспарлар кіреді, олар қоршаған орта мен жергілікті тұрғындарға әлеуетті теріс әсерді болдырмауға бағытталған барлық шаралардың қабылданғанын растау үшін қажет.

Полиметалл Жобаның барлық кезеңдерінде, соның ішінде кеніштің жобалау, құрылыс, өндірістік кезеңдерінде және жапқан кезде экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру үшін толық жауапкершілік тартады. Полиметалл Жобаға тартылатын барлық мердігерлердің барлық қажетті талаптарды орындауын қамтамасыз етеді. Мердігерлік ұйыммен келісім-шарт жасалғанға дейін бұл ұйым табиғатты қорғау талаптарын қалай орындайтыны және оның әлеуметтік жауапкершілік деңгейі бағаланатын болады. Тендерлік пакеттерге Жобаның осы саладағы талаптары кіретін болады. Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарының талаптары үнемі орындалатынына көз жеткізу үшін мердігерлік ұйымдардың жұмысын Полиметаллдың экологтары мен социологтары қадағалайтын болады.

Жобаны жүзеге асыру барысында Полиметалл мониторинг бойынша жылдық есептерді жариялайтын болады, оларда басқару жоспарларының тиімділігіне және оларды жүзеге асыруға баға беріледі, сондай-ақ қажет болған кезде Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын өзгерту/толықтыру бойынша ұсыныстар жасалатын болады. Аталған жылдық есептерге деген қолжетімдік билік органдарының, сондай-ақ несиелік ұйымдардың әсеріне ұшыраған (жұртшылықпен байланыс жөніндегі маман арқылы) жергілікті тұрғындарға ұсынылатын болады. Жұртшылыққа таныстыру үшін жинақ есеп жарияланатын болады. Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарының талаптарына сәйкес Полиметалл кенішті жабу жоспарын үнемі жаңартуы тиіс және бұдан былай пайдаланылмайтын жердің құнарлығын қалпына келтіруі тиіс. Кенішті жабу және топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру жоспарында өндірістік кезеңде одан арғы зерттеулердің нәтижелері, соның ішінде өсімдік жамылғысын қалпына келтіру бағдарламасы ескерілетін болады. Кенішті жабудың және топырақтың құнарлығын қалпына келтірудің кесімді жоспары кеніштің жабылуына екі жыл қалған кезде келісіліп, жарияланатын болады.

Тау-кен жобасының экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері тиісті түрде басқарылып, даму мүмкіндіктері бір мезгілде жүзеге асырылатынына көз жеткізу үшін Полиметалл жергілікті тұрғындармен және мүдделі тұлғалармен тығыз жұмыс істейтін болады.

МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Бақыршы жобасы бойынша мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттесу көптеген жылдар бойы жалғасып келеді, бірақ оларды белгілі нысанда рәсімдеу талпынысы 2010 жылы ғана жасалған болатын. Ресми түрде хаттамаланған қоғамдық тыңдаулар 2011 жылы Әуезов және Чарск кенттерінде қоршаған ортаға әсерін бағалау ауқымында өткізілді.

ОЭВЖ бойынша негізгі зерттеулерді жүргізу кезінде және Жобаның ауқымында, соның ішінде ОЭВЖ-шығарғаннан кейін кезеңде және жабу кезеңінде мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттесу жоспары

консультациялар беру үшін және мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттесу үшін құрастырылды. Полиметалл Мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттесу жоспарын кем дегенде жылына бір рет жүйелі түрде жаңартатын болады және теріс әсерді жұмсарту жөніндегі шаралардың тиімділігіне мониторинг жүргізу бойынша өзара әрекеттесудің жол картасын ұсынатын болады.

Әуезов кентінің тұрғындарының арасында жұртшылықтың қатысуымен іс-шаралар жүйелі түрде өткізіледі, олар негізінен экологиялық мониторингті, сондай-ақ анықталған әсерлерді талқылауға арналған. Осындай іс-шаралар әдетте айына бір рет жүргізіледі немесе жергілікті тұрғындарда қанда да бір шағымдар немесе мәселелер туындаса, жиірек жүргізіледі. Полиметалл 2014 жылдың тамызында «Қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау» тақырыбында қоғамдық техникалық-экономикалық негіздеме нәтижелері негізінде Бақыршық кен орнының параметрлерін өңдеуге негізде құрастырылған тыңдалымдар өткізді (ҚОӘБ-алдындағы кезең) ТЭН және ҚОӘБ алды бойынша есептер ашық және жер асты өндіру, инфрақұрылым және кенді қайта өңдеу бойынша шешімдерден тұрады. 2015 жылы шілдеде ҚР заңнамасына сәйкес орындалған «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» бойынша тыңдалымдар өткізілді. Қазіргі кезде ҚОӘБ бойынша есеп қоғамдық кеңес сериясынан өтуде.

ОЭВЖ әлеуметтік аспектісі бойынша мүдделі тараптармен кеңестер және өзара әрекеттестік 2015 жылдың маусым-шілдесінде жергілікті деңгейде Әуезов ауылында және облыстық деңгейде Өскемен қаласында өтті. Ресми кездесулер мен тыңдаулардан басқа, Әуезов кентінің тұрғыны болып табылатын Полиметаллдың жұртшылықпен байланыс жөніндегі маманы жекелеген адамдармен және топтармен жүйелі бейресми кездесулер мен пікірталастар өткізеді. Өзара әрекеттесудің бұл механизмі қазіргі таңда мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттесудің қандай да бір жоспарымен немесе өзге құжатпен реттелмейді, өз батамасын және уақыт шектеулерін ескермегенде.

Геологиялық барлау және техникалық-экономикалық негіздеу кезеңдерінде мүдделі тараптардың өзара әрекеттесуінің негізгі мақсаты Полиметалл мен мүдделі тараптар арасында мемлекеттік, аймақтық және жергілікті деңгейде екі жақты тілдесуі тағайындалды, бұл мүдделі тұлғалардың пікірі ОЭВЖ орындаған кезде және жобалау кезінде ескерілгендігіне көз жеткізу үшін қажет. Мүдделі тұлғалар Өзара әрекеттесу жоспарын зерделеп, өз түсініктемелерін қалдыру үшін шақыртылады. Полиметалл Жоспардың мүдделі тұлғалар үшін орыс және қазақ тілдерінде қолжетімді болуын қадағалайды.

Мүдделі тұлғалардың пікірінше, қазіргі таңда анықталған негізгі мәселелер қатарына Жобаның атмосфералық ауаның, топырақтың сапасына, сондай-ақ биологиялық әртүрлілікке, тұрғындардың денсаулығына және жайылым алқаптарына әсері кіреді. Сонымен қатар, мүдделі тұлғаларды кен өңдеу әдістемелері және кәсіпорынның ұзақ мерзімді экономикалық өміршеңдігі қызықтырады.

ОЭВЖ бойынша есептің бастапқы нұсқасы және оған ілесетін техникалық емес түйін бойынша қоғамдық тыңдаулар 2015 жылғы 3 желтоқсанда Әуезов кентінде жүргізілді. Әуезов кентіндегі мектептің акт залында өткен жиналыста компанияның қызметкерлері мен Әуезов және Шалабай кенттерінің тұрғындары кеңінен құлақтандырылды. Техникалық емес түйін жергілікті әкімдіктің сайтында тыңдаулар өткізілгенге дейін 20 күн қалған мерзімде жарияланды.

ОЭВЖ-ң соңғы нұсқасы бойынша және қосымша экологиялық және әлеуметтік жұмыстардың есебі бойынша ЕҚҚДБ-ң тұрғындарға жариялауға қойылатын талаптарының ауқымында талаптарының ауқымында Әуезов, Шалабай кенттерінде және Өскемен қаласында үш ақпараттық сессия өткізілетін болады. ОЭВЖ бойынша басып шығарылған есеп және қосымша экологиялық және әлеуметтік жұмыстар бойынша есеп орыс және қазақ тілдерінде қолжетімді болады. Сондай-ақ бұл құжаттар ПМ, ЕҚҚДБ және жергілікті әкімдіктердің сайттарында жарияланатын болады. Тұрғындар өз сұрақтарын жазбаша түрде шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшіктер арқылы жолдай алады, мұндай жәшіктер әкімдіктердің

және ПМ кеңселерінде орналастырылған, сондай-ақ тұрғындар өз сұрақтарын ақпараттық сессияларда ауызша қоя алады. Құжаттар 60 күндік кезеңде ашылатын болады, ақпараттық кездесулер ақпаратты ашу үдерісінің ортасында өткізіледі.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

БҒП және Полиметалл саясатында жергілікті мағынадағы жобаларды қолдау мақсаты белгіленді. Бұл ешқандай тәуелділікті тудырмай-ақ, жергілікті тұрғындардың өмірін тұрақты түрде жақсартады. Полиметалл жергілікті тұрғындардың арасында әлеуметтік және қоғамдық даму бойынша көптеген іс-шараларға демеушілік етті.

ШАҒЫМДАР ТҮСІРУ МЕХАНИЗМІ

Шағымдарды алу және қарастыру рәсімі Жоба барысында пайдаланылатын өте маңызды тәсіл болып табылады. Ол туралы сыртқы мүдделі тараптармен қарым- қатынас ұстайтын барлық мамандар айтатын болады. Шағымдар түсіру механизмі мен оларды тіркеу үдерісі туралы одан арғы ақпарат жергілікті тұрғындарға арналған ақпараттық бюллетеньдерде басып шығарылатын болады және жобалау аумағына кіре-берісте және Әуезов және Шалабай кенттерінің әкімдіктерінің жанында орналасқан ақпараттық тақталарға орналастырылады.

Полиметалл қаражат бөледі

Білім беру мекемелеріне және әлеуметтік сала нысандарына

Медициналық мекемелерге

Әлеуметтік іс-шараларды қаржылық қолдау үшін

Мұқтаж зейнеткерлерге, жағдайы төмен жанұяларға және ҚОС ардагерлеріне қаржылық көмек көрсетеді және сыйлықтар береді

Әлеуметтік іс-шаралар мен фестивальдерлі үйлестіру және лемевшілік

ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУЫ

Қазіргі таңда ОЭВЖ дайындау үдерісі бойынша жұртшылықпен өзара белсенді әрекеттесу жүргізілуде, ол ОЭВЖ бойынша есеп құрылыс және өндіріс кезеңдерінде орындау және ЕҚҚДБ қаржыландыру туралы басқару жоспарлары бекітілгенге дейін жалғасатын болады. ОЭВЖ дайындаудың қалған мерзімінде өзара әрекеттесудің негізгі тәсілдері қоғамдық тыңдаулар мен жобалау және ақпараттық кездесулерден тұрады.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жоспарына сәйкес Полиметалл жергілікті тұрғындармен, ҚР Үкіметімен, жергілікті және халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен және өзге мүдделі тұлғалармен арадағы коммуникация бағдарламасын орындайтын болады.

ОЭВЖ жөніндегі кесімді есепке мүдделі тұлғалар консультация барысында берген түсініктемелер енгізілетін болады. ЕҚҚДБ ақпаратын ашу мақсатында ол орыс және қазақ тілдеріне аударылатын болады.

Жоба бойынша анағұрлым толық ақпаратты

Polymetal International компаниясынан алуға болады.	
Бейбіт Аскерканұлы Аскерканов «Бақыршық тау-кен шығару кәсіпорны» ЖШС жұртшылықпен байланыс жөніндегі жетекші маманы Тел.: +7 (7232)-49-26-00 (ext. 109), +7 (771) 3027791 Имейл: askerkanov@bqp.polymetal.ru	Галина Васильевна Чудина Galina Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің басшысы «Бақыршық тау-кен шығару кәсіпорны» ЖШС Тел: +7 (723) 249 26 00 (ext.144), +7 (705) 311 83 39 Имейл: GalinaCh@bqp.polymetal.ru
«Бақыршық тау-кен шығару кәсіпорны» ЖШС, Әуезов кенті, Жарма ауданы, 070605, Қазақстан Республикасы	

